

83.3 (5 кәз)

⊖ - 83

ӘОЖ 821.512.122.092

Қолжазба күкінде

Ч

ӨТЕН АЙГУЛ ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ

Кенең Әзірбаевтың әдеби шыгармашылығы

10.01.02 – Қазақ әдебиеті

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2009

зак

кандидаты С.Макпирұлы

екші үйым:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті

шы 2009 жылы « 19 » маусымда сағат 15.00-де Қазақстан
жасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым Комитеті М.О.Әуезов
і Әдебиет және өнер институты жанындағы филология
рының докторының тарихи мәрежесін беру жөніндегі Д 53.34.01
етеді (050010, Алматы қаласы,
Алматының конференц-залы).

жасы Білім және ғылым
комиссиянда танысуға болады (050010,

таратылды.



Б.У.Әзібаева

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Адамзат тарихындағы үшінші мыңжылдықтың басталуы жаңа қоғамдық құндылықтардың қалыптасу жолында еткен дәүірлердегі мәдени, тарихи процестерге жаңаша көзқараспен қаруға зор мүмкіншілік тудырды. Соның ішінде, қазақ әдебиеті тарихының XIX ғасырдағы әдебиет пен өнер саласындағы тарлан тұлғаларының шығармашылық мұраларын қайтадан қарап, жарияланбаған еңбектерін халыққа насиҳаттауға еркін қол жетті.

XIX ғасырдағы ұлт әдебиетінің Қазақстандағы сол кездегі саяси-әлеуметтік, қоғамдық үлкен өзгерістерге, ауысуларға ұшырауына байланысты сан-салалы дамып, жаңа бағыт-бағдарға ие болғанын XX ғасырдағы кеңестік идеологияның социалистік реализм принципі тек біржакты таптық тоталитарлық түрғыда зерттелуін қадағалап отырды. Сондыктан, қазақ әдебиетіндегі жыраулық поэзия, одан кейін дуниеге келген ақындық поэзияның ролі мен мақсат-мұддесі терең зерттелмей келді.

Дәлірек айтқанда қазақ әдебиеті тарихында көптеген халық ақындарының есімдері аталып, бірді-екілі кішігірім мақалаларға арқау болғанымен, кеңес дәүірінде олардың шығармашылық өмірбаяны, әдеби шығармашылығы арнайы зерттелмеді.

Диссертация тақырыбының зәрулігі XX ғасырда ақындық поэзияның ірі екілдерінің бірі саналған және дәстүрлі айтыс өнерінің актангері атанған Кенен Әзірбаевтың (1884-1976) шығармашылық әдеби мұрасы осы қунға дейін монографиялық ғылыми зерттеудің нысанына алынбағанынан көрінеді. Кенен Әзірбаевтың әдеби шығармашылығын түбекейлі зерттеп, оның басты ерекшеліктерін, атап айтқанда, ақындар айтысын дамытуға деген көшбастаушылық, жетекшілік ролін, ақындық поэзиядагы шығармаларының маңыздылығын теренірек зерделеу қажеттілігі күмән туғызбайды.

Диссертациялық жұмыста ақын Кенен Әзірбаевтың барлық әдеби шығармашылығы алғаш рет тұтастай толық қаралып, оның әдебиеттегі орны мен бағыттары анықталады. Ақынның әдеби шығармашылық мұрасы диссертациялық зерттеуге арқау болып, бұрын ғылыми айналымға түспеуі себепті алғаш жалпы шығармашылық тұтастық күйінде арнайы сез болады және ақынның өзі өмір сүрген дәуірдегі тарихи-мәдени даму ауқымында саралануы тақырыптың зәрулігін анықтайды.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. Кенен мұрасы халық ақыны М.Әуезов [1], С.Мұқанов [2], Е.Ысмайлов [3], А.Жұбанов [4] және халық ақыны Ж.Жабаев құнды шікірлер айтты. Ал С.Бегалин [5], С.Бақбергенов [6], С.Сейітов [7], Т.Сыздықов [8], Ә.Тәжібаев [9], Н.Төрекұлов [10], М.Жолдасбеков [11], С.Негимов [12] т.б. мақалалар мен естеліктер жазды. Сондай-ақ әр жылдарда жазылған Т.Тебегенов [13] пен Ш.Керім [14], С.Жумкина [15], Т.Әлібековтардың [16] еңбектерінде ақынның аты аталып кетеді.

1984 жылы Н.Төрекұлова пен Б.Әзірбаевтың құрастыруымен екі томдық гандамалы шығармалар жиналған. 1998 жылы Н.Кенен қызының «Кенен» [17]

областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

ты естелік-эссеци, 2000 жылы «Аңыздар сыйры» [18] жинағы, 2001 жылы ІІК Кенен тумайды» [19] естеліктер жинағы, 2003 жылы Е.Қосбармақовтың ұрастыруымен «Көпшілік, тында әнімді» [20] әндер жинағы, 2004 жылы қының 120 жылдық мерейтойына арналған Б.Кененұлының ұрастыруымен «Әке рухымен сырласу» [21] атты ақын туралы естеліктер ін мақалалар топтастырылып, кітапша болып жарық көрді.

Бұл еңбектердің бәрі – ақын мұраларына, оның қазақ поэзиясына қосқан үлесіне ғылыми тұрғыдан баға беретін татымды дүниенің бастауы, бір рнасы ғана. Алайда Кенен шығармашылығын ұлттық әдеби дәстүрлер ясында кеңінен қарастырып, әдеби-тариhi контексте байыптау, сол арқылы қының өзіндік дара бітімін ашып, әдеби дамудағы, рухани өмірдегі орнын үйкіндау, шығармаларын халықтың әдеби мұраларымен сабактастыра үерттеу кешеуілдеп келді. Әдеби-тариhi кезеңді объективті бағалауга қолайлы жағдай жасалуы, сондай-ақ әдебиет тарихына қатысты көнтеген деректердің жиналуы, молығуы әлі күнге тұтас зерттеле қоймаган көрнекі шығармашылық өкілдеріңін өмірі мен әдеби мұрасын бүтінгі күн тұрғысынан таразылауга мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты мей міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты – XX ғасырда өмір сүрген ақын Кенен Эзірбаевтың әдеби мұрасын жинақтау, оның шығармашылығын қазақ әдебиеті тарихы аспектінде дәуірлік сипаттарын айқындау және тақырыптық, көркемдік өрнектеріне талдау жасау арқылы тұгастай әдеби баға беру болып табылады. Сол себепті диссертация орындау барысында ақының шығармалары жүйеленіп, мазмұндық мағынасына орай сипатталды.

Негізгі мақсатты орындау үшін осы диссертациялық жұмыста төмөндеғідей міндеттер қойылды:

- Кенен Эзірбаев өмір сүрген дәуірдің қоғамдық саяси-әлеуметтік сипатын сараптады, оның жекелей ғұмырнамасы мен әдеби ортасын анықтап, ғылыми сипаттамасын беру;
- Ақын туралы әдеби-тариhi мағлұматтарды, архивтік деректерді, жеке адамдардағы материалдарды жинастырып, жан-жақты сараптау жұмыстарын жүргізу;
- Ақының XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне қосқан үлесін анықтау, шығармаларын ғылыми жүйелік негізде жан-жақты талдау;
- Әдебиеттандуда ақын туралы айтылған әр қылы ой-пікірлерге, түрлі материалдарға назар аудара отырып сараптамалар жасау;
- Қолда жинақталған барлық шығармаларының тақырыптық және көркемдік ерекшеліктерін айқындау отырып, оған әдеби баға беру арқылы ғылыми айналымға енгізу;
- Айтыстары мен өлең, толғауларының мазмұны мен түріне карай олардың әдеби құрылымын анықтау;
- Кененнің айтыс өнерін игерудегі, жетілдірудегі үлесін, суырып салма-импровизаторлық шеберлігі мен кәсіпқойлық деңгейіне ғылыми сипаттама беру, ақындық поэзияны дамытуға қосқан үлесін анықтау.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. XX ғасыр әдебиетіне, соның

ішінде, айтыс жанры мен ақындық поэзияны дамытып жетілдіруде зор улес қосқан Кенен Әзірбаевтың әдеби шығармаларының алғаш рет толықтай жинақталып зерттелді.

Диссертациялық жұмыстың жаңалықты тұстары төмендегі мәселелерден көрінеді:

1. Кенен Әзірбаевтың шығармашылық өмірбаяны тұнғыш рет біртұтас жүйеде қарастырылып, осыған дейін түрлі жинақтарда, баспасөз беттеріндегі әр қылы пікірлер сараланып, оған тұжырымды дәлелдер берілп, ғылыми тұргыда саралтады.
2. Ақынның тарихи-гұмырнамалық деректері негізінде XX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелерін қазіргі жаңа көзқарас тұргысында бағалауга талпыныс жасалып, зерделенді.
3. Диссертациялық жұмысты жазу барысында Кенен Әзірбаевтың бұрын еш жерде басылмаған, баспасөз бетінде жарияланбаған еңбектері КР БФМ Орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорынан және ұрпақтарынан алынып, оларға тұнғыш рет ғылыми тұргыдан зерттеу жүргізілді. Сонымен қатар, тұнғыш рет табылған «Абай», «Құрметті інім Жұмабайға» деген өлеңдері талданып, ғылыми баға берілп, әдеби айналымға түсірілді. Ақынның өнердегі басқа да қырларына (әңгімешіл, ертегішіл, әншілігі, күйшілігі) зерделеу беріледі.
4. Кенен Әзірбаевтың айтystары туралы әр жылдары жарыққа шыққан жинақтарда, баспасөздерде, жекелей монографиялық еңбектерде шағын мақалалар ғана болған. Жұмыста ақынның айтystарына жан-жақты ғылыми талдау жасалынды және оның XX ғасырдағы ақындар айтysы жанрына қосқан улесі сараланды.
5. Қоғамдағы саяси, тарихи-әлеуметтік құбылыстар мен жағдайлар негізінде қалыптасқан рухани-мәдени органдар қоркемдік талап пен талғамға әсері, Абай, Біржан, Балуан Шолақ, Жамбыл мектептерінің Кенен шығармашылығына жасаған ықпалы мен орны жайлы тұжырымдалған байладандар жасалды.

Көрғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар.

Кенен Әзірбаев шығармашылығын зерттеу арқылы қазақ фольклоры мен әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық, жалпылық пен даралық мәселелері жан-жақты, теориялық та, практикалық та тұргыдан қарастырылып, қазіргі әдебиеттанудың қажеттілігі мен талабы деңгейінде шешілді. Жеке ақын бойында синкреттік өнер XX ғасырда да, яғни жазба әдебиеттің, әр алуан касіби өнердің, техника мен ғылымның жоғары дамыған тұсында да өмір сүретіні дәлелденді, ал мұның өзі – қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани күш-куатының әлі де мықты екенін көрсетеді. Кененнің талантты жыршылық әрі ақындық өнер арқылы ашылғаны, яғни XX ғасырдың өзінде де қазақ ауыз әдебиетінің өкілдері, дәлірек айтқанда халық ақындары көп жағдайда жыршы болып бастап, даралығы бар сөз шебері ретінде қалыптасатыны – заңдылық. Мұны Жамбылдың, Нұрпейістің, Исаның, т.б. халық ақындарының шығармашылығынан көреміз.

– К.Әзірбаев – XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басындағы ақындық,

жырышылық мектептердің көрнекті өкілі, оның дәстүрін жалғастыруышы, жаңғыртушы.

– Кененнің үлгі алған мектебі – Жетису жеріндегі би-шешендер, ақындар мен жырышылар шоғырланған рухани орта және фольклор мен авторлық ауыз әдебиеті, атақты сал-серілердің шығармашылық үлгілері мен тәжірибелері.

– К.Әзірбаев – айтыс өнерінің майталманы, эпикалық жанранда да өзіндік қолтаңбасы бар ақын.

– Кенен – қазақ сөз өнерінің дәстүрлі өлең өрнектерін өзінше құбылтқан айшықты, көркем тілдің шебері.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдарды қазақ әдебиетінің тарихына, авторлық ауыз әдебиеті өкілдеріне қатысты зерттеу жүргізгенде, жоғары оку орындары филология факультеттерінің қазақ бөлімдерінде қазақ әдебиеті тарихын өту барысында, арнаулы курстар мен семинарларда, сондай-ақ гимназия, лицей, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін терендегіп оқытатын мектептерде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының ғылыми, теориялық, әдістемелік негіздері. Диссертациялық жұмыстың теориялық және методологиялық негізі ретінде әдебиеттану ғылыминың жетістіктері, теориялық концепциялары басылылыққа алынды. Әсіресе, қазақ поэзиясын, оның тарихы мен теориясын, сондай-ақ ақындардың, жыраулардың, жырышлардың шығармашылығын қарастырган еңбектер зерттеуіміздің негізгі методологиялық әрі ғылыми тірепі болды. Сонымен қатар орыс оқымыстыларының диссертация мәселелеріне қатысты зерттеулері мен ой-пікірлері негізге алынып, тақырыпты игеру барысында әдістемелік бағыт-бағдар ретінде пайдаланылды.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Диссертациялық жұмыста жүйелі-кешенді, тарихи-хронологиялық-сипаттамалы талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының нысаны және негізгі дерек көздері ретінде К.Әзірбаевтың “Өлеңдері мен дастандары” (1952) [22], “Өлеңдері мен дастандары және ән текстері” (1955) [23], “Өмірімнің әндері” (1961) [24], “Тойбастар” (1973) [25], “Алатau шыны” (1974) [26], “Екі томдық тандамалы шығармалар” (1984) [27], “Аңыздар сыры” (2000) [18], “Көпшілік, тыңда әнімді” (2003) [20] атты жыр жинақтары, әр жылдар мерзімді басылымдарда жарық көрген шығармалары, қолжазба қорында сақталған муралары, өміrbаяндық очерктері, баспасөз беттерінде жарияланған сын-зерттеу материалдар, танымдық мақалалар пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен сарапталуы. Диссертациялық жұмыс нәтижелері мен тұжырымдары белгіленген тиісті басылымдарда жарияланған З ғылыми мақала мен халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жасалған 4 баяндама түрінде көрініс тапты. Диссертациялық жұмыстың қолжазбасы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты тарих-филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің, институттың ғылыми кенес

мәжілістерінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен және корытындыдан тұрады. Сонында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілді.

ЖҰМЫСТЫҚ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, зерттелу деңгейі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, ұсынылатын тұжырымдар, зерттеу нысаны мен дерек көздері, теориялық-тәжірибелік маңызы, сарапталуы мен құрылымы жөнінде негізгі мәліметтер берілген.

Диссертациялық жұмыс үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім “Кенениң жыршылық өнері” деп аталады. Бұл бөлім “Кенениң репертуарындағы жырлар”, “Кенениң жырды орындау мәнері” деген екі тарауға бөлінеді.

“Кенениң репертуарындағы жырлар” атты бірінші тарауда тұнғыш рет Кенен Әзірбаевтың жыршылық өнері қарастырылып, түрлі әдеби қорлардан алынған дәйек көздері мен ел ауынан жиналған мәліметтер негізінде Кенениң жыршылық шеберлігі зерттеледі.

Кенен – қазақтың бай эпикалық мұрасы мен импровизаторлық дәстүрін жалғаушы әрі дамытушы. Ол қазақ, қырғыз халықтарының төл жырларымен шығыс аңыздарының желісіне құрылған кисса-дастандарды рұхани азық етіп, өмір бойы жырлап өткен. Алайда, XX ғасырдың көп ақындары сияқты Кенениң де жыршылық қыры бүтінге дейін ашылмай келді. Шындығында ол “Ұлы жұз жайында аңыз”, “Жалғыз қаз”, “Қыргызбай”, “Әли батыр”, “Кенебай – Кербез”, “Жамбыл – жыр”, “Бұрынғы өткен батырлар”, т.б. жырлар мен “Сүйіnbай мен Тезек төрөнің кездесуі”, “Тезек төре мен Бақтыбай ақын”, “Тезек төре – Тубек - Құлмамбет”, “Құлмамбет ақынның Шабдан батырга айтқаны” және өзінің айтystарын жадында ұстап, ел арасына таратып келген.

Кенениң жыршылық репертуарында Орта Азия халықтарына ежелден әйгілі болған “Ер Төстік”, қыргыздың атақты эпосы “Манас” (“Текетай мен Мәнікер”) жырлары болған. Біздің дәуірімізге ақын идеялық-көркемдік мәні күшті “Қыргызбай”, “Әли батыр”, “Кенебай – Кербез”, “Жамбыл – жыр” жырларын жеткізді. Кенениң бұлардан да басқа эпикалық аңыздарды айтып келгені белгілі.

“Текетай мен Мәнікер” (көлемі 1000 жолдай) мазмұны өзге қазақ жырларынан бөлек. Бұл тұста оның үш ерекшелігін атап көрсеткіміз келеді. Біріншіден, мұнда әрекет ететін қаһармандар қазақ пен қыргызға белгілі (Көкетай, Ер Қосай, Әлмембет, Ер Кекше т.б.), екіншіден, балаларына қыз іздел “Күнбатыста Ақжелек, Күншығыста Көкжелек” елдерінің арасын кезетін Текетайдың бағыты Ертістен Қырымға дейінгі жерлерді мекендейген бір замайдагы Алтын Орда империясының аймағын қамтиды, үшіншіден, жырда ертегінің әйгілі қаһарманы Ер Төстік Қырым елінің батыры ретінде көрінеді. Жанрлық жағынан алып қараганда мұнда батырлық эпостың да, тарихи жырдың да, ертегінің де элементтері аРАЛАСЫП келіп отырады. Бір

аралтан қараганда “Төкетай мен Мәнікер” ертедегі бірнеше жырдың қарынынан күралған туынды секілді. 1984-жылы шыққан кітапта бұл жыр ғзінді ретінде ғана берілгендей оның генетикалық немесе жанрлық сипаты туралы тұжырым жасауды қыннадатады. Өзге нұсқаларды кездестіре үлмадық. Сондықтан әнгіме жырдың дәл кітаптағы нұсқасы және оның кейбір көңіл аударатын елеулі тұстары туралы болмак.

Бұл – Кененің ең көлемді эпикалық дастаны. Негізгі сюжеті қыргыздың “Манас” эпосы мен қазақтың “Ер Төстік” ертегісінен алғынып нәзира үлгісінде жырланған. Кенен 1940 – 45-жылдары үзік-үзік жыр етіп журіп, 1947-жылы басын біріктіріп, ұзақ дастан қалпына келтірген. Оны езі “Көкетайдың асы” деп атаған. 1967, 1974-жылдардағы жинағында “Төкетай мен Мәнікер”, “Ер Төстік” деген тараулары жарияланды. Ақынның 100 жылдық мерейтойына арналған екі томдық таңдамалы шыгармалар жинағына екі дастан біріктіріліп, мазмұн желісіне қарай аты “Бұрынғы өткен батырлар” деп өзгеріліп, толық нұсқасы берілген.

“Төкетай мен Мәнікер” жырындағы қаһарманның бірі – Ер Төстік. Бұл ертегінің кейіпкері Ер Төстікпен негізі бір екені анық. Мұнда ол Елеместің (ертегідегі Естеместің, емес) отызы ұлының кенжесі, мұның да жүйрік аты Шалқұйрық деп аталады. Жырдың анғарына қараганда Ер Төстік Қырым ханы Аюжелекке бағынғысы келмейтін, елді езі билеуге ұмтылған адам. Жетісідан барған, Аюжелек ханмен тіл тапқан жалғыз жолаушы, жеке батыр – Төкетайды өлтіріп жіберуі Ер Төстіктің айбаты мен қайраты ханнан да жоғары екенин сездіреді. “Төкетай мен Мәнікер” жырында тарихи оқиғалардың жаңғырығы бар деп тошылауға болады. Алтын Орда дәүірінде сол ұлан-байтақ ұлысты жайлап жатқан елдердің жергілікті өз билеушілері болғаны, олар өзара дауласып, соқтығысып отырғаны белгілі. Кейде ондай билеушілер хандардың айтқанына көнбей азұлы батырлар мен ру басылар болатын. Бұған тарихтан аты мәлім Ноғай, Мамай, Едігелерді мысалға келтірсек те болады. Эпоста жол жөнекей ескертілген жайлардың тасасында халықтың тарихи тәжіриbesі мен естелігі, түрлі оқиғаларға көзқарасы мен бағасы жататынын мойындасқ, “Төкетай мен Мәнікердің” де өткен замандардың әлеуметтік қайшылығынан өз дәрежесіне көркемдік хабар бере алатындығын көреміз.

Жырдың тілдік кестесі көркем. Оның кейбір тұстары эпосымыздың ең таңдаулы жолдарын еске салады. “Төкетай мен Мәнікер” талай жыршының аузымен айтылғаны, табиғи екшелу, жеттігу жолынан өткені анғарылады. Мұнда терен ойларды тұжырымдал, қанатты нақыл сөздер қалыптастырған шумақтар аз емес.

Бозторғайға бақ қонса
Бидайық, қыран бағынар.
Шымшық құсқа бақ қонса

Самырық келіп жағынар [27,152 б.] – деген жолдар осы ойымызды дәйектей алса керек.

Кенен Әзірбаев аныз, ертегі негізінде “Ер Төстік” жырын да айтыш келген. Бұл жырдың түрлі халықтар арасында тараған сюжетінде көне

дәуірдің мифологиялық түсініктерін әйгілейтін деректер мол. Мәселен, үш көт әлем – жер, жердің асты, көк туралы ұғым бұл жырда анық байқалады. Жер бетінің тұрғыны Тестік жер астына түсіп, көп қатерлі оқиғаларға душар болады. Тағы да бір ескерерлігі – Ер Тестік жырда жер астына “ажалдан қашып” түскен болып суреттеледі. Бұл арадан Қорқытқа байланыстыты аныздардың идеясы елес береді.

“Кенениң жырды орындау мәнері” атты екінші тарауда Кенениң орындаушылық өнері жөнінде ой-пікірлер қозгалады. Кенен жырларын, оның орындаушылық қабілетін аңғара қарасақ, онда жыршылықтың нышаны анық байқалады. Ол өзінен бұрынғы және өз замандастарының өлең, жырларын жатқа айта білетін “құйма құлақ” жыршы. “Сүйінбайдың Тезек төреге айтқаны”, “Сарбас пен Қуандық”, “Шәже мен Кемпірбай айтыстары” және қыргыз ақындары Қалмырза, Оспанқұл, Әлімқұлдың шертпе жырларын өз әуен, өз макамымен жырлаган.

Импровизация процесінде өлеңді, сөзді барынша мол қамтып игеру принципіне құрылған Кенен шығармалары қебіне орындаушылыққа бағына бірде таза ән, бірде терме секілді, бірде ән мен терменің қосыла өрілген сипатында жасалған. Шығармаларының жанрлық болмысына қарай ән саздары бірсесе толғау, бірсесе термелеген нақылды, дидактикалық әуенді түрде салмақты ырғакта жырланды. Кейбір шығармаларының әуезді сазды болмысы сыйылған әнге жақындаш кетеді де кең қайырымды сазбен аяқталады. Кейбір шығармаларының басы желдірмелетіп өзі және әмір туралы тақпакталыш басталады да аяғы ән қайырымы мен өрілген түйінді ойлармен қорытындыланады. Демек, Кенениң импровизаторлық өнері - ән әуеніне, мақамға сүйене шығарылған дәстүрдің жалғасы. Бірақ, бұл жалғастық тек қайталу емес, Кенендік стильдің дара болмысын да айқындаиды.

Кенен өз қатарының суырып салма дарыны, жыршылық даралығы, айтылатын сөз бен әуен, сарын, әуез, мақамдарды үйлестіре, сіңістіре біletін сазгерлік қабілетімен ерекшеленеді. Кенен айтыстарының әуендеріне қараганда, үні асқақ, лирикалық сезім басым болып келеді. Бұл – Жетісу ақын, жыршыларының бәріне тән ерекшелік.

Кененді халық ақын, әнші-композитор, жыршы ретінде жақсы біледі. Ақындық, жыршылық дәстүрді дамытқан Кенениң жас кезінде домбырамен күй тартатын өнері де болыпты. Жыр сарындарын күйге айналдырып немесе күй ырғактарын жыр сарындарына ұластыруға шеберлігі қебінше эпикалық жырларды орындау үстінде көрінген. Халық әдебиетін зерттегендегі олқылықтарымыздың бастысы – сөз өнері мен саз өнерін біртұтас қарастырмай, жеке бөліп кететінімізде. Мүмкін, бұл синкреттіліктен арылғанның белгісі де болар. Ә.Қоңыратбаев былай деп жазады: “Жыраулар мен есқі айтыс ақындарында импровизацияның тәрт түрлі өнері бірлесіп, ол синcretizm аңғарында көрінген: 1) Олар асқан импровизатор болған, мұны сөз өнері дейміз; 2) Тенденсі жоқ күйші [домбыра, қобyz] болған, мұны музыкалық импровизация дейміз; 3) Олар гажап орындаушы [солист, артист] болды; 4) Заман, ел жайын терең толғайтын үлкен ойшыл, ұстаз болды.

Бүгінгі ақындарда алдыңғы үш белгі өзінің өрнегін жоя бастаған” [28,25-26 56]. Ал, ӘҚоныратбаев атаған осы өнер түрлерінің Кенен бойында жымдасып, үндестігін тапқаны айқын көрінеді: Кенен айтысқанда, өлең, толғау, жыр-дастандарды жырлағанда тындаушыларды үйіріп әкетептің қасиеттері аз болмаган. Бұл ерекшеліктері туралы Т.Кененқызының естеліктерінде біраз мәліметтер бар [29].

Екінші белім “Кененнің ақындық шығармашылығы” деп аталып, “Айтыстары”, “Ариау өлеңдер”, “Лирикалық және тарихи өлеңдер”, “Толғаулар” атты төрт тарауға бөлінеді.

“Айтыстары” тарауында Кенен Әзірбаевтың ақындық өнерінің сабактасу, даму жолдары, өзіне тән ерекшеліктері жан-жақты саралташп, зерттеу нәтижесінде оның бүгінгі кезге дейін белгісіз болып келген қырлары, қалыптасу бағыттары айқындалды. Ақынның халық әдебиеті үлгісіндегі толғау, арнаулары, импровизация дәстүрінде дүниеге келген айтысқыстарының поэтикалық өрнегі, ірі жыр бәсекелеріндегі ақындық шеберлігі тақырыпты игеру барысында талданып қарастырылды. Қолда бар материалдардың негізінде алғаш рет шығармашылық өмірбаяны жазылып, тың маглұматтар берілді. Ақын шығармашылығының халықтық сипаты, танымдық-тәрбиелік ролі поэтикалық дәстүр аясында сабактастырыла сараланды. Кененнің өнерпаздық тәлімінің ақындық ортасына болған ықпалы, асері анықталды.

Кенен жасынан халық әдебиетінің сан ғасырлар үзілмей келген асыл мұраларының үлгілері мен ақындық, жыршылық, шешенендік мектептердің өнер-өнегесінен нәр алып, оны өз тарапынан жетілдіре, кемелдендіре отырып, кейінгі ұрпаққа жеткізуге ұйытты болды. XX ғасыр қазақтың ақындық поэзиясын шырқау биікке көтерсе, сол дәрежеге жеткізген сокпақ жол – айтыс өнері екені даусыз. Ілki замандардан жеткен көне сүрлеуді жалғап, өз тарапынан кемелдендіре отырып, тың межеге көтеруде ақынның атқарған еңбегі зор. Кенен – ең алдымен айтыс ақыны. Оның есімін ел есінде сақтаған да осы өнері. Бұл анықтама өнердің өзге саласындағы қырларын жоққа шығармаса керек. Шәлипа, Ләтипа, Бөдене және Шәйнек, Бопина, Халима, Жамбыл, Кенжекожа, Әбдіғали, Шашубай, Есдөuletпен айтыстары бұл айтқанымыздың анық дәлелі.

Сонымен қатар, бұл тарауда Кененнің айтыстарда қолданатын тәсілдері, шығармаларының көркемдік ерекшеліктері тиянакты қарастырылады. Өзінің сөздік қорын байыту үшін халық әдебиетінің мол мұрасын ауқымды түрдे игерген, оның сан-салалы құбылыстарын жете түсінген, әр сөз тіркесінің мәні мен магынасындағы ерекшеліктерді, құбылтулар мен құлпытуларды жетік менгерген, қазақ айтыс өнерін жалғастыруышы әрі дамытушы Кенен Әзірбаев – дәстүрлі ақындық поэзия мен халық әдебиетінің озық үлгілерін өз шығармашылығына көркемдік құрал ретінде молынан пайдалана білген шебер ақын. Өзіне де, өзгеге де қатал сыйны бола білген сұрып салма ақын, айтыс ақындарына:

Қытықтамай, шымшып айт,

Өткір жырмен қыршып айт [26,276 б.] - дейді. “Эсерлі, қызулы, тасқынды, екпінді жырларыңмен оттай шалқып, еркін көсіліп сейлендер!” - деп үн тастайды. Асылы, ақынның бұл лебізінде өлең сөздің көркемдік болмысына, эстетикалық табигатына қатысты құнды ойлар көрініс тапқан.

Кенен өзін жыр әлеміндегі желмен жарысқан сәйгүлікке балау (оза шапқан тұлпар, топ бастаған жүйрік т.б.) арқылы халық поэзиясындағы метафораларды, әсіресе, күрделі метафораларды туындыларына шебер пайдаланады. Шалқыған шабытын тұлпардың шабысына, аргымақтың қарышына, жорғаның шалысына салыстыра бейнелейді. Бұл Кененнің айтыстарында жүйелі сипатқа ие. Айтыстағы әр сөз, тіркес, тармақ кестелі орамдармен көмкерілп отырады. “Тайымда атқа қосып елім мені”, “Жүйрік аттай замғаймын көсілгенде”, “Тең жорға төрт ағым бірдей шалыс” – мұның бері метафоралық үзілістер. Егер өлең жолдарындағы метафоралық үзілістерді жеке қалдыrap болсақ, онда ақынның жеткізбек ойы төмөндегідей болып сүренсіз шығар еді: “[Мені]-тайымда атқа қосып”, “[Мен]-жүйрік аттай замғаймын,” “[Мен]-жорға едім”.

Ақын күрделі метафораларды қосу арқылы өз ойына күшеттепі магына беріп, оларды жүйе-жүйесімен түрлендіре құлпырыруды мақсат тұтады. “Тайымда атқа қосып елім мені” деген түйінді сөз тіркесінде шынайылықтың белгісі жатыр. Жыр алдыбы Жамбылдың ақындық мектебінен тәлім алған Кенен өнер аренасында ерте көрінді әрі өткірлігінің, дарындылығының арқасында қазақ даласына тез танылды. Ақын соны меңзеп отыр. “Тең жорға төрт ағым бірдей шалыс” дегенде, бойына өнердің бар саласы тоғысқаны, мұндай қабілет екінің біріне қона бермейтінін паш етеді. Қазақта төрт ағын бірдей шалыс басатын жорға жылқы тым аз кездеседі. Ал шала жорғаларды кез-келген үйірден табуга болады. Бұл орайда ақын халық поэзиясында сирек көрінетін көркем бейненің озық үлгісін ұсынады.

Ақынның шығармашылығын әсерлі айшықтармен ажарлай тусетін метафоралардың бір бөлігі қыран құстарға қатысты. Жан-дүниесінің сілкінісін, ақындық қиялдың серпілісін сипаттағанда, “көктүйгіндай сілкінді”, “ақ сұнқардай тұледі”, “тастулектей тараңды”, “тау бүркіттей шаңқылдап”, “акиықтай тараңды”, “қыран құстай қаранды”, “акиықтай талпынды”, “акбөкендей желейін”, “құстай ұшып”, “сұнқардайын қиялаш” деген халықтық тіркестерді, бейнелі оралымдарды тапқырлықпен пайдаланады. Сейтіп, бір ойдың өзін сан түрлі киіндіріп, өрнектеп, әдемілеп жеткізеді. Алуан түрлі, нешеме сырлы мән-магынадағы сөздер немесе құс атаулары ой тиегін ағытуда, белгілі бір ой-пікірді білдіруде поэзиялық қызмет атқарады. Икемділікті, ептілікті, құштарлықты айтса, оған ақынның Бопинамен айтысындағы:

Көлдегі сен – акқу қаз, мен – лашын,

Қайырып қанатынды ілмеймін бе? [26,266 б.] – дегені нақты әдел. Кененнің Кенжеқожамен айтысындағы:

“Таудан акқан мен бұлак, сен бір тамшы” – деуі өзін “булакқа”, қарсыласын “тамшыға” теңеуі – үлкен шеберліктің жемісі. Астарлы магынаны айқындар болсақ, мұнда ақынның әріптесіне деген ауыр

ысқыл, зілді кекесін жатқандай.

Қазақ поэзиясындағы айтыс жанрының бір бұтағы ақындардың өзара идарласу кезіндегі сәлемдесу, қоштасу, көңіл айту мазмұнындағы сез тарыстары. Мысалы: Жамбылдың “Майкөтпен дидарласу”, Нартайдың Жамбылдың қазасына” т.б. Бұнда ақындардың төкле ақындықтағы жырау жерберлігі барынша ашылады. Кенениң бұндай жыры Умбетәлі қайтыс болғанда оның қазасына көңіл айту түрінде болады:

Сайраған Алатудың бұлбұлы едін,
Арыны басылмаған дұлдул едін.
Сүрінген қапылыста, асыл Умбет,
Ақынға әрбір сезі үлгілі едін [26,277-278 66.]

Өзге замандастары сыйқылды Кенениң арнау, толғаулары мен шыстыаралының жыр үлгісіне құрылған тұстары да кездеседі. Әсіреле, егіз, шалыс, ауыспалы үйқастармен ауыз әдебиеті дәстүрін дамытта, өрістете жырау әдісінен Кенен де сырт қала алмаган. Мұндай жымдасқан үйқас, әуезді ыргақ, дыбыс үндестігін шебер үйлестіру Кенен сынды өрелі ақындардың қолынан келсе керек. Кенен мұраларында тау, тас, өзен-су, адам аттары, ру атаяулары т.б. ете мол ұшырасады.

Кенен өзінің айтыстарында үйқастың барлық түрлерін қолданған. Шәлипа, Ләтипа, Кенжекожамен айтысы, Бөдене және Шәйнек деген жеңгелерімен әзіл-қағыстары 11-12 буынды қара өлең, кейде аралас, егіз үйқастарға құрылған. Ал, Әбдіғалимен сез сайысын да қара өлең, аракідік кезекті шалыс, аралас үйқастармен өрнектеген. Негізінен 3 бунақты, 9-10 буынды, кейде 2 бунақты 7-8 буынды тармақ, шумактар аралас үйқасып та отырады. Кей айтыстарында өлеңнің әуезділігін арттырып, түрлендіре құбылтатын ішкі үйқастар да кездеседі.

Кенен Әзірбаев шығармалары бейнелеу құралдарына мейлінше бай, олардың танымдық, тагылымдық, әсемдік әсері мен эстетикалық қызметі ерекше мәнді. Ол – дәстүрлі халық поэзиясына тән сез өнерінің інжумаржандарын айрықша сезіммен талғап-екшеп өз туындыларына шебер қолдана білген зергер ақын. Оның ақындық даралығы бейнелеу құралдарын шашыратпай, тығыз бірлікте, поэтикалық тұластық қалпында игере алатын зор қабілеттінде жатса керек. Тарихи шындық көркемдік шындықцен астасып, жымдасып жатады. Сейтіп, айтыска тың сипат беріп, тақырыпты жаңаша түрлендіру арқылы мазмұнын жаңғыртады. Кенен шығармаларының тілі көркем, әсем де айшықты нақыштармен астарланып, өрелі де тапқыр оймен әділтіліп, үйқас үйткысымен көмкерліш жатады. Көркемдік-бейнелеу құралдары өзара қабысып, бір-бірімен тығыз байланысып отырады. Мазмұны мен пішіні, сез өрнегі мен үйқас үндестігі ақын даралығын, шеберлігін байқатады.

“Арнау өлеңдер” атты екінші тарауда Кенениң арнау өлеңдерінде келтірілген деректер негізінде ақынның шығармашылық тұлғасын, адами болмысын, дүниетанымын, жеке кезқарасын айқындаады.

Кенен ақындығының ендігі бір ерекшелігі – ол өлеңді көбінесе біреуге карата, арнал айтады. Рас, бұл халық ақындарының бірталайына тән

ерекшелік. Әйтсе де Кенен өлеңдерінің дені түр-тәсіл жағынан: “Ұсталарым, көрікті қыздыра сок, басқармалар, басшылық ете білгін”, - деп келеді. Ақын аринаулары тақырыптық, идеялық мазмұны жақтарынан жарлай аринау және патриоттық аринау түрінде болып келеді, “Аттан!”, “Майданға сәлем”, “Мен сүйемін халқымды” деген аринау өлеңдерінде жаңарды Кененнің публицистикалық көтерінкі ақындық шабыт қуатымен өзіндік шеберлікпен дамытқаны көрінеді. Аринау жаңарының табиғатына тән ақындық «менинің» көшпілікке қаратылуы азаматтық үнмен асқақ естіледі. Мысалы, “Мен сүйемін халқымды” аринауында:

Ән шырқап Алатауда арыннадым,

Ағындағы таудан аққан сарыннадым [20,30 б.] - деп, өзіне карата және бүкіл ақындар қауымын сез өнерінің эстетикалық-тәлімдік, қоғамдық-әлеуметтік қуатын арттыруға шакырады. Қалың көпшілікке бағытталған аринауларында сол көпшіліктің қандай орта екендігі анықталады. Мысалы: “Жауынгер туыс, бауырлар” (“Майданға сәлем”), “О, халқым, ән мен күйді мендей сүйші” (“Композиторлар съезіне”), “Бірлесіп жатқан, халқым-ау!” (“Құттықтау”), “Шарықта, елім, шарықта” (“Тойға шашу”), “Әлеумет, көрдің, міне, жаңа заңды” (“Жаңа заң”), “О, халқым, осы айтқан сез тұра шығар” (“Әңгіме туралы”).

Кененнің аринау өлеңдерінің бір тобы - өзі ұстаз тұтқан Абай, Балуан Шолақ, Жамбыл мен өзімен қатарлас халық таланттарының жаңа дәуір жырышыларына арналады, мысалы, “Абай” (1934). Бұл ақынның шығармалар жинағына енбеген өлеңі қолжазба түрінде [32], “Балуан Шолақпен кездескенде” (1912), “Жұз жасаған Жамбылға” (1945). “Күрметті інім Жұмабайға” (1948). Бұл да ақынның шығармалар жинағына енбеген өлеңі қолжазба түрінде [32], сондай-ақ “Менің ұстаздарым” (1954), “Күләңшқа” (1958), “Жақсыбай қайтыс болғанда” (1958), “Қыргыз достарыма” (1959), “Омар Шипинге” (1959), “Мұқаным” (1960), “Балтағұлға” (1961), “Қайран Тайыр” (1965) деген шығармаларын атауға болады. Бұл аринауларында автор ақындық өнер иелерінің әрқайсысының дара ерекшеліктеріне сәйкес олардың бейнелерін жасайды. Өсіресе, әділдікті, адамгершілікті жырлап, адамзатқа достық құшағын жайған Абайдың ақындық тұлғасын бейнелеуде Кенен оның ойшылдық-данаңтық өрісін, халықта, кейінгі ұрпақта қалдырған өнегесін көнінен толғайды:

Ақынның таңдамасы аты шулы Абай,

Сынаған көп ақынның сезін талай.

Қадірлі алтын сезін жаттайды елім,

Жас-кәрі жаны жылдың бірі қалмай [32].

103 тармақтан тұратын осы өлеңдерің композициялық бітімі жүйелі ақындық ойдың тегеуінді шеберлік қуатын танытады. Өлеңдерің әуелгі шумақтарында Абай ақындығы мен өмір сүрген заманы арасындағы байланыстары айттылады. Кейінгі шумақтарында Абай армандаған бостандық, әділдік, білім-өнер, шындық салтанат құрған кейінгі заман туралы жырланады. Демек, Абай ақындығына ден қою Кенен лирикаларына композициялық өлеңдік құрылыштың шеберлік сапаларын дарытқаны

байқалады. “Қадірлі алтын сөзін” деген тіркес – Кенен ақынның өлең өнері туралы тың баламасы.

Кенен шығармаларының ішінде өз заманының тарихи оқиғалы кезеңдеріндегі ел тағдырына жаңқиярлықпен аянбай ат салысқан жаңа заман кейіпкерлеріне арналған мадақтау өлеңдер де бар. Ежелгі грек поэзиясында батыларды мадақтайтын “панегирик” Еуропа поэзиясында ода түрлерінде, ал классикалық шығыс және қазақтың жыраулық-акындық поэзиясында өріс алған осы жанрдың Кененде де болуы, әрине, заңды құбылыс. Ауызша және жазбаша поэзияда да тұрақты сақталған осы дәстүрлі жанрдағы Кененнің “Мұхтарға”, “Сәбитке”, “Ғабитке”, “Кішіпейіл келеді білімді адам” өлеңдерін атауға болады. Кененнің мадақтау жырларында обьектіге алынған адамның портретінен бастап, оның рухани келбетін ашатын қоғамдық-әлеуметтік қызметі сараланады. Тарихи тұлғаның ерекше бітімін даралау үшін ақын фольклорлық суреттеу әдістерін мол қолданады. Бірақ, Кененнің мадақтау өлеңдерін таза панегирикага жатқызуға келе бермейді. Мысалы, “Композиторлар съезіне” арнауы негізінен астана жүртшылығына, Мәскеу көрермендеріне қарата айтылғанмен қазақтың өнер қайраткерлерін даралап таныстыруға арналады:

Біржан сал, Ақан сері, Өсет, Майра,

Жаза алмай арманда өтті кең қулашты [26,91 б.]

Арнау жыр мақсатында туған бүл өлең осы жолдар арқылы мадақтау жырдың табигатын да береді. Кененнің осы типтегі арнауларының тағы бір қасиеті – тұтас бір елдің, не облыстың, ауданның қол жеткен табыстарының қорытындысына арнап жырлау. Мұндай арнауларда ақын халық алдында есеп бергендей фактілі мәселелерді жыр өрнегіне айналдырады. Мысалы, “Тын жедірмесі” өлеңі Мырзашөл мен Мақтаарал аудандарының ақ алтын жинаудан табысын мадақтауға арналады. Кененнің арнаулары мен мадақтауарының ара жіктері ерекше білінбей араласып жатуы – ақын стилінің өзіндік ерекшелігі.

“Лирикалық және тарихи өлеңдер” атты үшінші тарауда Кененнің ақындық табигатында лирикалық кейіпкер сезімінің алуан иірімдеріне құрылатьын азаматтық-философиялық, қоңіл-күй, махабbat, табигат тақырыштарына арналған лирикалық өлеңдеріне талдау жасалды. Қазақтың жыршылық-акындық поэзиясындағы ежелден келе жатқан дәстүрдің бірі — қоңіл-күй әүеніндеңі жырларда ақындардың өз тұлғаларын даралап, өзіндік өмір жолындағы асу-белестерін, киындықтарын айттып, мақсат-мудделерінің түпкі нәтижелерінің орындалтуы туралы есеп бергендей жырлаушылық. Мұндай жырларды біз Жүсіп Баласагұнның “Құтты білігінен” [33], Қожа Ахмет Иасауидың “Ақыл кітабынан” [34], Ахмет Иүтінекидің “Ақиқат сыйынан” [35] кездестіреміз.

Кененнің осы дәстүргедегі өлеңдермен үндесетін біраз шығармалары бар. Солардың ішіндегі ең көлемдісі – “Жас кезеңдері” деген өлені. Ақын мунда өзінің жастық шағын, ержеткен кезеңін, елге танымал болған заманын сипаттаң, ақындық өнерінің және азаматтық істерінің арқасында үлкен беделге, құрметке ие болғандығын жырлайды. Кәрілкік жеткенге дейінгі

жырыма бестен басталатын аралықтагы кезеңдерді суреттеуде ол дәстүрлі ақындық әдебиетте қалыптасқан тұрақты образдау, айшықтау сез оралымдарын түйдек-түйдек қолданады. Мысалы, “лақтайсың”, “булақтайсың”, “қыльштайсың”, “пырақтайсың”, “садақтай” және т.б. Ақын ез өмірінң сұлу да өрнекті, мағыналы мазмұнын осындаі бейнелі, терең ойлы сөздермен жырлай келіп, кәрілікке жеткен қалпына мұндана сез арнайды:

Сексенде селкілдектей ауру келіп,
Басыңа ие болмай былғактайсың [36].

Кененниң осындаі дәстүрлі тақырыпта жырлаумен үндес шығармаларды қазақ поэзиясының тарихындағы ақындар мұраларынан да кездестіре аламыз. Мысалы, Махамбеттің “Мен, мен едім, мен едім”, Тұрмашанбеттің “Назым”, “Кейінгे иені тастап кетемін деп”, Нартайдың “Өздерің білер Нартаймын”, Қасым Аманжоловтың “Өзім туралы” және т.б. шығармалар. Бұл ғасырлардан жалғасып келе жатқан үзілмес дәстүр. Бұны ұлы ақындардың бері де тұттынады.

Біз қазақ даласының табигат көркін, жыл мезгілін Абайдың қаншалықты айқын бояумен шебер суреттегендігіне сүйінеміз, Абайдан кейінгі дәуірдегі қазақ поэзиясында осы дәстүр қалыптаса түскендігін Кенен поэзиясынан тағы сезінеміз. Ақын туындыларында бейнеленген жасарып гүлденген көктем (“Май мереке”, “Көктемде жан бола ма желікпеген”, “Көктем жыры”), тамылжып құлпышырған ыстық лепті жаз (“Нұрлы жаз”), сарғайып сұры қашқан жауынды, дауылды құз (“Алтын құз”), сакылдаған аяз, дүлей боранды қыс (“Аяз ата”, “Жана жыл”) образдары ойыныздың тағы бір дәлелі.

Ақынның бір шоғыр өлеңдері тау туралы. Кенен үшін тау — сұлулық символдарының бірі. Тау ақын бойында талай ойлар тудырған. Тау бірде тәқаппарлықтың белгісі болса, бірде қол жеткізбес арман, бірде асқақ романтика, бірде биік қыялға жетелейтін көрініс. “Ой жайлау”, “Кордай”, “Алатай аспанменен тілдескендей”, “Тауга барсаң тамаша” сияқты өлеңдердің тақырыбы да, мазмұны да бір-біріне жалғас, бірін-бірі толькырады. Тұған жер топырағының ғажайып қасиеттері өзгеше бір тың өрнектермен, болуладармен кестеленіп, көркемделуі Есік қөлінің Кенен суреттеуіндегі:

Айнасы Алатаудың Есіккөлі,
Атамның мекендереген бесік көлі.
Сұлу көл ұл-қызының қөnlіндей,

Кәнеки жүзіндерші, есіп көлді [27,179 б.] - дерліктей бейнесі шынымен-ақ қызықтырады, көз алдында бүрүн көрмеген бір суреттер тұрады. Сондай-ақ Алатау тауларына арналған өлеңдердегі тал түсте шашыла созылып жермен табысып жатқан сәулелердің күн жолындаі, ал жоғарыға бой созған ақ таулардың жер қолындаі, әр құз арасында сыңырлап, сылқылдан ағып жатқан бұлақтардың шашылып қалған күлкідей көрінінде ақынның тосыннан тапқан баламаларының әсерлі, тартымды күші бар. “Таудың суы тасқындал” өлеңінде жер, табигат көріністері де осындаі

бір өзгеше бейнеленген сипатымен, ақынның өзіндік сөз өрнегімен көз аясында, көніл дүниесінде керкем де жанды бір өмір болып тұрғандай.

Кенен шығармаларының тілі оқырманға түсінікті, қарапайым, шешен. Ол қазақ халқының тіл байлығын аса мол итерген ақын. Кенен халық поэзиясына еркін сусындағы отырыш, өзі де мақалдан;

Елдің көркі не болар?

Кекорай шалғын бел болар [27,124 б.] - деп өлеңдерінің дені ән ыргагына лайықты үйлесіп, үндесіп келеді.

Кененнің ендігі бір көсіле көтеріліп, шырқай тартқан тың тақырыбы бар. Ол – ақынның алабұртқан көніл-куйіне, жан тебіренісіне байланысты тұған лирикалары – тарихи өлеңдері. “Каласын Ленин қорғаймыз”, “Жаурамасын батырлар”, “Біз жеңеміз”, “Тракторшы Елеусіз”, “Кек алу”, “Төрг батыр”, “Майданға сәлем”, “Жамбылға көңіл айтту”, “Батыр болсаң Мәліктей бол”, “Куанышты құн”, “Жерлес батырга”, “Женіс салтанаты”, “Күйгенім-ай, сүйгенім-ай!”, “Қайран Шөкем!”, “Сүйгенім-ай”, “Жалғыз қайнам”, “Сағындым-ау, Жапарбек”, “Женіс жылғы шаттық ән” т.б. ән-өлеңдері ақындық үлкен тебіреністен тұған шығармалар.

Соғыстың алғашқы жылдары шығарған Кенен Әзірбаевтың өлеңдерінің үтіг-насихаттық мәні басым болғанын көреміз. Бұл сезімізге дәлел, 1941 жылы 6 шілдеде “Ленин жолы” газетінде жарияланған “Жауға қарсы шығындар!” өлеңі. Ақынның “Біздің Отан жеңеді” өлеңінде лирикалық кейіпкердің жан-тебіренісі, сезім күйлері арқылы бүкіл адамдардың Отанға деген ұлы махаббаты, сол сүйікті Отан үшін қандай қауіп-қатерге, қындыққа болса да әрдайым әзір екендігі нанымды көрініс тапқан.

“Толғаулар” атты тәртінші тарауда ақынның ел арасына таратқан толғаулары жайлы сөз болады. Кененнің ақындық тұлғасын даралап көрсететін шығармашылық белгісі – оның азаматтық, ойшылдық, халықтық тәлім-тәрбиелік мазмұндағы толғаулары. Оның толғаулары арнау, шакыру мазмұнында және есіст-онеге, нақылдық сипаттарда көрінеді. Арнау, шакыру мазмұнындағы толғаулары, негізінен патриотизм, батырлық жайлы толғаның түрінде келеді. Мысалы, “Біздің Отан жеңеді”, “Ел куанышы”, “Кек алу”, “Майданға сәлем”, “Біз жеңеміз” - толғаулары осы жаңрага тән классикалық белгілердің дәстүрінде шығарылған дүниелер. Атап айтқанда, бұл толғаулар азаматтық-патриоттық, дидактикалық мазмұнмен, 7-8 буындық жыр өлшемімен, түйдекті-шұбыртпалы ерікті, кейде егіз үйқаспен, тирадалық-шумақтық құрылышпен шығарылған. Кененнің ерлікке, елдікке үндеген патриоттық мазмұнды толғаулары Ұлы Отан соғысы кезінде шығарылғандықтан тылдағы елді еңбекке жұмылдыруға арналып (“Біз жеңеміз”):

Ұл-қызым жауга аттанды,

Қаруланып, қырланып.

Тылда қалған еңбекші,

Біз де бейқам түрмалық [26,80 б.] – десе, “Кек алу”
толғауында жыраулық толғауга тән белгі қылаң береді:

Жігіт батыр бола ма,
Бастап шеру тартпаса [26,65 б.].

Кенен толғауларының екінші түрі – таза дидактикалық өсiet, нақылды терме түрінде болыш келеді. Жырышының мұндай толғаулары өмірдегі ұсақ-түйектерді емес, адамдық тіршіліктегі бір ғана дәуірге емес, ғасырларға жетерлік жалпылық мәні бар ойлы болыш келеді. Сондықтан Кенен жырышының мұндай толғауларын қазіргі қазақ фольклортануында айтылып жүрген терме жанрымен сабактастыра, біріктіре қараймыз. Профессор Р.Бердібаев айтқандай, “... терме талабына кез келген өлең емес, үлкен әлеуметтік астары бар, ұстаздық үлгі айтатын толғаулар негұрлым сай... Терме-толғаулар... алуан мәселе ауызша гибрат түрінде айтылатын кезінде көп міндетті атқарысқан... Тұрмыстық-салттық кодекс, норма, адамның жас кезінен қартайғанға дейінгі өмір белесінің сипаттамасы бәрі де толғау – термеден көрініс тапқан” [37,56-57 бб.].

Кененнің ақындық шабытынан тұған толғау-термелері дидактикалық толғанысты ақылға, өсietке, өнегелі ойларға толы болыш келеді. Ақынның толғау-термелері шығыстың жазба әдебиетіндегі нақыл өлеңдер үлгісімен араласқан өзгеpte түр. Шығыс поэзиясы бойынша, “По форме терме – типичное рубаи, где, как известно, рифмуются между собою первая, вторая и четвертая строки” [38,105 б.]. Бұл жағынан алғанда толғау – терменің Кенендік стилемен нақыл өлеңдер формасына айналғанын көреміз.

“Бір өсiet жастарға”, “Ерлі-зайыш” деген толғауларында автор “Мал аласы – сыртында, адам аласы - ішінде” деген халықтық даналық ойларға негізделген адамгершілік мәселесін жырлайды. Көзінے куле қарап жүрген кейбір пенделердің қарапекірек, зұлым болатынын ашына айтады. Кенен дәстүрлі салыстыру әдісімен жағымсыз жандардың адымын ашырмай, өмірдің мөлдірлігі мен тазалығын сақтау жолында жүрген күрескер адамдардың парасат бігіндегі адамгершілік тұлғаларына баға береді. “Кішіпейіл келеді білімді адам” деген нақыл өлеңінде егіздеу әдісімен адамдық міnez сапаларындағы қасиеттер ақылдылық пен талаптылықты, ықылассыздықпен, талапсыздықпен салыстыра келіп, заман тынысына, халық тағдырына араласа алатын биік арман, мақсаттарға құлаш ұратын сападығы адамдардың ружани болмысына, жаратылысына баға береді:

Кішіпейіл келеді білімді адам,
Дәні толық тарыдай басын ііп [27,180 б.].

Ақынның “Танисын” деген толғауында да дәстүрлі салыстыру әдісі мол қолданылады. Кененнің толғаулары – оның терең ойлы, еткір тілді ақындығының жарқын көрінісі.

“Кенен поэзиясындағы кейіпкерлер жүйесі” деп аталатын үшінші бөлім “Батыр мен оның достары, қарсыластары”, “Әйелдердің бейнеленуі”, “Халық бейнесі” атты уш тараудан тұрады. “Батыр мен оның достары, қарсыластары” деп аталатын бірінші тарау Кенен шығармашылығындағы батыр мен оның достары, қарсыластарына ортак қасиеттерді әрі әрқайсысына тән ерекшеліктерді айқындауға құрылған. Бұрынғы эпосты шығарушылар ұлы шайқастарға өздері араласа жүріп,

кезімен көріп, жойқын ерлікті жырлап, халық батырларын дәріптеген. Халық ақындары да дәл солай, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, кезеңді оқиғаның ізінше жүргіткіш көкейіндегі жырларды тудырған. Мұны Жамбыл, Өмірзак, Кенен, Омар, Сәт, Қуат ақындардың шығармашылығы айқын дәлелдейді. Кенен ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбына арнап «Аттан!», «Қайран елім», «Он алтыншы жыл», «Қыргыз бауырыма», «Кек» секілді энжырларын, «Қыргызбай», «Әли батыр» тәрізді тарихи дастандарын шыгарды. Бұл екі дастан да импровизацияғы эпикалық дәстүрді сақтаған, жазба әдебиеттің дәрежесінде жасалған, тақырыбы, көркемдік құны, қуаты жағынан да тарихи шындықты сашалы сипаттау тұрғысынан да әдебиетіміздің биік әртабысты шығармалары. Дастанда халық күресі, елінің батыр ұлдары Әли мен Қыргызбайлардың жанқиярлық қымылдары нанымды суреттелген.

«Қыргызбай» дастанның бас кейіпкері Қыргызбай сергелденгे түскен қалың елді бастап, патша әскеріне қарсы көтеріліске аттанады. Бірақ сол жерде қатты қырғын соғыс болып, Қыргызбай қапияда қолға түседі:

Кетті алып байлад, матап Қыргызбайды,

Еш жерге сусынданып тұрғызбайды.

Алайда, батырдың салы суға кетіп, қайтырып, қамығып қалмайды. Қайта елі-жүртін, үзенгілес серіктерін жаудан кек алуга шақырады:

Тауға сінген серіктер,

Белін бекем буынсын.

Кек шыңдаған ақ семсер,

Жау қанына жуылсын [26,298-299 66.]

«Әли батыр» дастанның ең бір ерекшелігі сол – ақын сол қозғалыстың тікелей қатысушысы болып көрінеді. Халық кегі жайдары күндері теңіздей тыныш шымырлап жатса, дауылды күндері барлық құдіретті стихиясымен толқымақ! Ол кезде оған ешбір күш қарсы келе алмайды. Әли батырдың тобына халық үшін қабыргасы қайысқан ерлер қосылады. Соның бірі Нұсілбай. Ол былай суреттеледі:

Кісі екен қошқар тұмсық, қара торы,

Ерліктің маңдайынан түскен жолы.

Оралған құлагына қара мұрты,

Қақлақ жаурын, қажымас дене зоры [39]

Қысқасы, бұл екі дастанның екеуі де 1916 жылдың азаттық көтерілісін қамтиды. «Әли батыр» дастаны «Қыргызбайдың» занды жалғасы, алдыңғы оқиғаны шарықтау шегіне жетіп, шешілер жерін суреттейтін соғыс тарауы іспетті. Осы секілді шығарма қаһармандарының іс-әрекет, қылыштарында да бүтін бір тұтастық бар. Алдыңғы дастандағы Қыргызбай мен соғыс дастандағы Әли тұлғалары бірін-бірі толықтыру үшін алынған кейіпкерлер екендігі түсінікті. Сейтіп Кененнің «Қыргызбай» мени «Әли батыр» атты дастандары, қай жағынан альш қарасақ та, оның шығармасы өсу жолындағы биік бір белесі екендігін көреміз.

Екінші тарау “Әйелдердің бейнеленуі” деп аталады. Кенен шығармаларында сыр мен сымбаты келіскең, жүрек толықтарлық не бір сұлу кескінді бейнелер жасалған. Соның ішінде бекзат болмысымен ерекше

елеулісі, көңілге де көзге де көрікті, қиял қозғап, ойды оятарлық сүйкімдісі - эйел бейнесі. Әрине, осынау тұтас, жалпы айтылған “әйел бейнесі” деген ұғымды жіктеп, жүйелеп, бөлшектеп айтар болсақ, онда жас ерекшелігіне, өмірдің қай баспалдағында екендігіне орай бірнеше түрлерге бөліп, бірнеше атаулармен атауға болады. Мысалы, қыз, қарындас, жар, келіншек, ана, бейбіше т.б. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері, қасиеттері, көркемдік кестесі мен мәнері, суреттегіш-бейнелегіш қуралдары болатынын айту кажет.

Әйелді біріншіден – қыз деп атар,
Қыз бала ер баламен жүрер қатар.
Бір кезде келіншек бол жаулық салып,
Бетен жүргіттық бол кетіп бір жылатар [27,82-83 бб.]

Кенен поэзиясындағы әйелдер бейнесі барынша көркемдік кемелдікпен суреттелген. Ақын Кенениң әдемілікке деген көзқарасы жоғары дәрежеде бейнеленген деуге толық негіз бар. Кенен тілінде жас аруды сипаттайтын “асыл тас”, “тау талындан”, “тоты құстай”, “маралдай”, “бұлбұлым”, “сандуғашым”, “болатым”, “таунар тасым”, “тан жұлдыз”, “аттың жорғасындан”, “сұнқарлары”, “ұлар” сияқты сөздер мол. Осы бейнелі сөздер, ұғымдар ақын өлеңдерінде көркемдікпен қолданылған. Айрықша стилистикалық ерекшеліктерге ие. Бұлардың мейлінше мол әрі сүйкімді әуенмен жырлануы ақынның өзіне ұғымды, түсінікті, жаңына жақын болғандықтан. Мәселен, былай болып келеді:

Тау талындан, ендеше, тау талындан,
Ашымаған сабаның саумалындан

(“Кыздар”) [27,42 б.]

Тал бойында тарынай бір мінін жоқ,
Тоты құстай бұралып тұрасың ба?

(“Мөртай”) [20,11 б.]

Кандай сөз-образ болса да, көркем шығарма ішінде олар бір-бірімен тамырлас, өзектес болып келеді. Соңдықтан да эстетикалық мәні терең сөз – көркем образ жасаудың маңызды қуралы.

Ақын атауларың берін де нағыз шеберліктің шынына жеткізетін қасиет – шығармаларын бейнелелікпен, көркем тіл өрнектерімен жырлау. Көркем де бейнелі өрнектелген поэзия тілі адам жаңының іірімдеріне терең бойлап, ақын шығармаларының халық жүргегіне берік ұялайтын қадір-қасиетін арттыра түседі. Жазба поэзияның шеберлікті үйрену жолында да импровизатор ақындардың жырларындағы осындағы сапалық белгілердің әсер еткені даусыз шындық.

“Халық бейнесі” деп аталатын үшінші тарау Кенен шығармаларындағы халық бейнесінің дәстүрлі өрнектері, оның ақын өлеңдерінде алатын орны айқындалады. Ақын шығармаларының тақырыптық аясы кен. К.Әзірбаев шығармаларының дені кенес дәүірінде жазылғандықтан да, олардан сол кездегі қогам талабы көрініс береді. Соңдықтан ақын шығармаларының тәрбиелік, тағылымдық мәні әсте кемімегендігі анық. Игіліктін,

жақсылықтың бәрі еңбектен басталады. Сондықтан да Кенен ақын еңбекшілдікті – адамның жоғары қасиеті деп санады.

Астықты тың даға аттандыдар,

Берерін табиғаттың ал қалындар [26,134 б.]

Ақын еңбекті ақыл-ой парасатымен сәтті ұштастырган «молшылық көзі егінде» деген тармақтың мәні зор. Қазақтың жалпақ жерінің мұндай игілікке ие болуы ғылымның көмегіне сүйенген үйымшылдық іс екенін бейнелі бере алған. Қалған екі өлең де еңбекті дәріптеген. Бұл – еңбек нәтижесі, ал еңбек – тіршілік тірегі деген ұғым береді. «Ақыл-нақыл» атты өлеңінде маңдай тердің туған жерге сіңуін тілек етеді. Тер – тек еңбек құатының тери болуы керек деп қысылу мен қоркудың тери болмағанын қалайды. Адам мен Жер бірінсіз-бірі жоқ екі алып, Жер адамға ғұмыр берсе, адам жерді гүлдендіреді. Осы екі фактор адам киялында нық орнықсан. Жерге сән беретін, жаңындағ аялайтын еңбек адамының қалпыны «Кызыл тулы» өлеңінен көреміз.

Міне, егін бапкерінің бүкіл болмыс-бітімі, мінез-құлқы осылайша көз алдымызда іс-әрекеттері арқылы тұлғаланып тұра қалады. Мұнда Кенен еңбеккердің ісіне де, өзіне де сүйсіне қарайды, оны улғі етеді.

Мол материалдық игілік – жан қиналта құлшына еткен еңбек жемісі. Соны ұғынуда, оны бағалай білуде кім болса да сынға түседі. Адам өміріндегі осындай нәзік іірімді кейде елемей кететіндігімізді ақын «Ақ бидай» деген өлеңімен еске салады. Нанның молдығынан «бидай көп» деген пікірімізде де қателік барын байқаған. Бір кездегі аштықты ұмытып кететіндігімізді айта келіп, ол: «шашырап бір дән ысырап болмасын да» дегі тастанады.

Ақ бидайды оруға ел араласты,

Еңбектің шаттығынан шапу шашты [26,89 6.]

Немесе,

Табиғат алтын түтін, інжү дәнін,

Еңбек сүйгіш ерлерден аямайды [32].

Ақын осылайша бар халықта үндеу тастанады. Осы өлеңінің негізгі ой-түйіні – еңбекті дәріптеу, еңбек адамдарын бағалау. Кенен еңбектің адам өміріндегі, қоғам өміріндегі маңызын жоғары қояды.

Көрьтынды. Диссертациялық жұмыстың алғапқы бөлімінде тұнғыш рет Кенен Эзірбаев өнерінің жыршылық қыры сез болып, түрлі әдеби қорлардан алынған дәйек көздері мен ел аузынан жиналған мәліметтер арқылы ғылыми түрғыда негізделді. Кенен – жыршылық өнерді жағағастырушылардың бірі. Ол Орта Азия халықтарына ежелден әйгілі болған «Ер Төстік», қыргыздың атақты эпосы «Манас» («Көкетайдың асы») жырларын жырлап келген. Ақын жырды түбебейлі өзгертуегенімен композициялық құрылымына, көркемдік кестесіне езінше құбылтулар енгізді. Жыр біткен жадында жатталып, көп нәрсені қөкірегіне түйген ақынның бұл салада да өзіндік колтаңбасы бар екені анық. Кененниң жыршылық өнері туралы ой-пікірлер, деректер екшеленіп, алғаш рет бір арнаға тогыстырылып, ғылыми дәлелдеулер арқылы тұжырымдалды.

Жұмыстың екінші бөлімінде Кенен айтystарына, өлендері мен

толғауларына жан-жақты талдаулар жасалынды. Бұрыннан белгілі, түрлі айтыс жинақтарында жарыққа шыққан айтыстарымен қатар, тұнғыш рет ғылыми айналымға енген Жамбыл, Шапшубай, Есдәулет, Ләтишамен айтыстары терен зерттеді. Айтыс өнері Кененнің негізгі ақындық қырын анықтайды десек, жұмыста ақынның барлық айтыстарының тарихына, оның көркемдік ерекшеліктеріне, тақырыптық арнасына кең зерттеу жасалды. Осы орайда, айтыс жанрына байланысты белгілі әдебиетші-ғалымдардың сараптамалары негізге алынып, жұмыстың теориялық бағытын анықтауга мән берілді.

Кененнің ақындық өмірі, шығармашылдық жолдағы даралығы, сол өнер соқыттындағы шыныптылдық пен тұраштылдық қасиеттері, оны маңайындағы ақындардың ұстазы деңгейіне көтерді. Түйіндеп айтқанда, XX ғасыр поэзиясында алатын көрнекті орны бар Кенен ақын – халқымыз қастерлеп өткен айтыс өнеріне тың леп қосып, кейінгі ұрпаққа түрлендіре, кемелдендіре жеткізуши хас шебер ақындардың бірегей. Мұның өзі ақын шығармашылығының өзіндік бет-бағдары мен ешкімге ұқсамайтын ерекшеліктерін айқындауды.

Кенен өлеңдері мен толғауларының тәрбиелік мақсаты, әсіресе, бүгінгі күннің өзекті мәселеісі – адамгершілік, ар-ождан, инабаттылық, өнегелілік категорияларын насиҳаттайтын, дидактикалық тағлымы зор мұра. Жұмыстың екінші бөліміндегі «Арина өлеңдер» атты тарауда осы мәселелер көнінен талданады.

Ақынның әдеби мұрасын жинастыру барысында табылған жаңа өлеңдері жұмыстың жаңалығы болып саналады. Себебі, Кененнің «Абай», «Күрметті інім Жұмабайға» өлеңдері – бұрын баспа бетін көрмеген, гұлыми айналымға түспеген мұралар.

Жұмыстың үшінші бөлімін ақын поэзиясындағы кейіпкерлер жүйесі туралы жазылған пайымдаулар құрайды. Мұнда ақын шығармашылығындағы кейіпкерлерді өзінара жүйелеп жіктедік, оларға ортақ қасиеттерді әрі әрқайсысина тән ерекшеліктерді ашуға тырыстық. Ақын өлеңдерінің көркем тілде алатын орны, қазақ тілі грамматикасындағы троптарға сай кездесетін категориялық мәғыналы жүйелерге, сөз бейнелілігі мәселелеріне тоқталдық. Өлеңдеріндегі ұйқас, буын өлшемдеріне назар аударылып, оның теориялық құрылымына теориялық талдау берілді.

Кенен шығармаларының көркемдік-бейнелеу құралдары алуан түрлі, олардың атқаратын көркемдік-эстетикалық қызметі де жоғары. Ақын фольклордың көркемдік құралдарының мол мүмкіндіктерін терен игеріп, жаңа заманды бейнелеуге ұтымды жарага алды. Ұйқас пен ырғақ байлығы, ой мен сөз жарастығы ақын жырларында асқан шеберлікпен, әрі суреткерлікпен астасып жатыр. Кенен өнерінде шешендерге тән тұра сөйлеудің де, ақындарға тән айшықтап айтудың да неше алуан көркемдік үлгілері бар. Ендеше Кенен Әзірбаевтың әдеби мұрасы қазақ поэзиясының тарихында өзіндік орнымен ерекшеленеді. Ерекшелігі мен құндылығы оның сан қатиарлы мазмұнында, көркемдік қасиетінде деп танимыз.

Диссертацияда Кенен Әзірбаевтың Жетісу жеріндегі ақындық,

зырышылық, би-шешендік дәстүріне әсер етуі нақтыланып, сөз ете отырып, әненің халық ақындары шоғырындағы өзіндік орны анықталды. Йқындалған ақиқат: Кенен Әзірбаев – қазақ әдебиеттің тарихында ақындық асияттерімен, көркемдік қуатымен айрықшаланған, халқымыздың белгілі ір кезеңдері рухани өміріне өз тарапынан игілікті ықпал жасай алған, онына сырлы сөздері мен сұлу әндерін қалдырған шығармашылық дара ұлға.

Қазақ халқының әдебиет тарихында айрықша шығармашылығымен жайталанбас туындылар қалдырған Кенен Әзірбаевтың әдеби мұрасы өзінің іарлық көркемдік және құрылымдық ерекшеліктерімен қазақ әдебиеттің ғлайықтаманған ақындарының өзіндік ретінде қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. –371 б.
- 2 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. –236 б.
- 3 Ысмайлов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: 1996. –240 б.
- 4 Жұбанов А. Замана бүлбүлдары. – Алматы: Жазушы, 1975. –464 б.
- 5 Бегалин С. Сахара сандугаштары. – Алматы: Қазақстан, 1976. –165 б.
- 6 Бақбергенов С. Бозторғай. – Алматы: Өнер, 1981. –96 б.
- 7 Сейітов С. Өмір өрнектері. – Алматы: Жазушы, 1969. –316 б.
- 8 Сыздықов Т. Толғандырар тағдырлар. – Алматы: Қазақстан, 1977. –139 б.
- 9 Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. – Алматы: Жазушы, 1976. –472 б.
- 10 Төрекулов Н. Жамбыл мен Кенен. – Алматы: Жалын, 1978. –128 б.
- 11 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1986. –328 б.
- 12 Негимов С. Өнерпаздық өрнектері. – Алматы: Ана тілі, 1996. –88 б.
- 13 Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы, Білім, 2001. –332 б.
- 14 Керимов Ш. Проблемы традиционного и индивидуального в творчестве казахских поэтов-песенников (сал-сері) второй половины XIX и начала XX веков. автореф... канд. филол. наук: –Алматы, 1991. –24 с.
- 15 Жумкина С. Ш.Қошқарбайұлының әдеби мұрасы және ақындық орта дәстүрі: канд. дисс. – Алматы, 2003. –129 б.
- 16 Әлібеков Т. Құланаян Құлмамбеттің ақындық мұрасы: канд. дисс. – Алматы, 2002. –198 б.
- 17 Кененқызы Т. Кенен. – Алматы: Жалын, 1998. –176 б.
- 18 Әзірбаев К. Аңыздар сыры. – Астана: Елорда, 2000. –348 б.
- 19 Кененқызы Т. Екі Кенен тұмайды. – Алматы: Шартарап, 2001. –160 б.
- 20 Әзірбаев К. Көпшілік, тыңда әнімді. Әндер жинағы. – Тараз: 2003. –72 б.
- 21 Кененұлы Б. Әке рухымен сырласу. – Астана: Елорда, 2004. –320 б.
- 22 Әзірбаев К. Өлеңдері мен дастандары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1952. –116 б.
- 23 Әзірбаев К. Өлеңдері мен дастандары және ән текстері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1955. –176 б.
- 24 Әзірбаев К. Өмірімнің әндері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1961. –124 б.
- 25 Әзірбаев К. Тойбастар. – Алматы: Жазушы, 1973. –103 б.
- 26 Әзірбаев К. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1974. –463 б.
- 27 Әзірбаев К. Екі томдық таңдамалы шығармалар: Бірінші, екінші том. – Алматы: Жазушы, 1984. –360 б.
- 28 Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы: Қазақстан, 1975. –40 б.
- 29 Кененқызы Т. Атамның жеті қүйі. // Еңбек туы. 30.06.1984.
- 30 Нұргалиев Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. –440 б.
- 31 Каскабасов С. Театральные элементы в казахских образах и играх. // В кн.: Фольклорный театр народов СССР. – М.: Наука, 1985. –247 с.

- 32 ҚР БFM OFK Қолжазбалар қоры, №548 бума, 2-дәптер.
- 33 Баласағұн Жусіп. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. –616 б.
- 34 Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. – Алматы: Мұраттас ғылыми-
шарттеу және баспа орталығы, 1993. –262 б.
- 35 Иугінеки Ахмет. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1985. –152 б.
- 36 ҚР БFM OFK Қолжазбалар қоры, №848 бума.
- 37 Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. – Алматы: Мектеп, 1983. –248 б.
- 38 Кабулниязов Д.Ж. Пути развития узбекского советского фольклора:
авторефер... док. филол. наук: –Ташкент, 1973. –72 с.
- 39 ҚР БFM OFK Қолжазбалар қоры, №548 бума, 4-дәптер.

Диссертация тақырыбы бойынша жарық көрген мақалалар тізімі

- 1 Кенен Әзірбаевтың Ұлы Отан соғысына арналған шығармалары // ҚР ҰFA Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – №4, 2005. – Б.51-56
- 2 Кенен Әзірбаевтың “Әли батыр” дастанының текстологиясы // ҚР ҰFA Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – №1, 2006. – Б.75-78
- 3 Кенен Әзірбаев шығармаларының поэтикасы // ҚР ҰFA Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – №2, 2006. – Б.90-93
- 4 Кенен өлеңдері мен халық өлеңдерінің ара-қатынасы // “Тіл және әдебиет: кешегісі мен бүтгіні” атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы: Арда, 2006. –Б.380-387
- 5 Кенен жырларындағы табиғатты жыр етуі // “Бүгінгі түркітану және оның даму бағыттары” атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2006. – Б.373-382
- 6 Кененнің эпикалық шығармалары // “Бүгінгі түркітану және оның даму бағыттары” атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2006. – Б.383-390
- 7 Кенен Әзірбаев шығармаларындағы бейнелеу тәсілдері // “Әлемдік рухани құндылықтар және қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері” атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2007. – Б.409-417

РЕЗЮМЕ

**на автореферат диссертации, представленной на соискание ученой
степени кандидата филологических наук по специальности
10.01.02 – Казахская литература**

Отен Айгуль Жаксылыккызы

Литературное творчество Кенена Азербаева

Общая характеристика работы. Проблема традиций и новаторства в сфере устного народного творчества – наиболее трудный объект анализа, и эта область исследована менее других. По проблеме новаторства творчества Кенена Азербаева еще нет крупных исследований, а имеющие к ней отношение не систематизированы и не обобщены.

Актуальность темы. Одним из наиболее перспективных для дальнейшего исследования является изучение творчества виднейших представителей устного народного творчества. Обращение к литературному творчеству классика казахской литературы Кенена Азербаева продиктовано попыткой проанализировать его обширное наследие и вклад в историю казахской литературы, а также осветить на основе этого анализа некоторые актуальные вопросы литературоведения.

Состояние разработанности проблемы. Наследие Кенена Азербаева постоянно привлекало и привлекает внимание исследователей. К творческому наследию К.Азербаева обращались такие видные ученые, как М.Ауззов, С.Муканов, Е.Ысмаилов, А.Жубанов. Своеобразие его творчества осмысливается Ш.Елеуkenовым, М.Жолдасбековым, С.Негимовым. Однако литературное творчество Кенена Азербаева до настоящего времени не было предметом специального научного исследования. Таким образом, анализ публикаций, освещавших литературную деятельность К.Азербаева, позволяет заключить, что пришло время проблемно-целостного изучения его творчества.

Научная новизна исследования.

1. Впервые предпринята попытка целостного рассмотрения творческой биографии Кенена Азербаева, осмыслены отзывы и отклики, опубликованные на страницах периодической печати.
2. На основе историко-биографических сведений о личности акына и его творчестве с современных позиций осмыслены некоторые вопросы истории казахской литературы XX века.
3. Введены в научный оборот не известные ранее произведение Кенена Азербаева, найденные в результате разыскательской работы в рукописном фонде ЦНБ МОН РК: стихи акына «Абай» и «Құрметті інім Жұмабайға» впервые были проанализированы, им была дана научная оценка.

4. Подвергнуты разностороннему научному анализу айтисы К.Азербаева и рассмотрен его вклад в совершенствование искусства айтиса в XX веке.
5. Определено влияние духовно-культурной среды на формирование художественного вкуса акына и рассмотрена роль школ Абая, Биржана, Балуана Шолака и Жамбыла на творчество Кенена.

Объектом данного исследования явились материалы рукописного фонда Центральной научной библиотеки Министерства образования и науки Республики Казахстан, института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, историко-литературного мемориального музея им. Кенена Азербаева.

Цель и задачи исследования. Целью работы является систематизация литературного творчества акына, жырау Кенена Азербаева, определение тематического своеобразия и оценка его творчества в контексте истории казахской литературы. Для достижения цели были поставлены следующие задачи:

- исследование и составление научной характеристики творческой биографии акына в контексте общественной социально-политической ситуации и литературной среды;
- сбор, дополнение и всесторонний анализ литературно-исторических, архивных сведений об акыне;
- определение вклада акына в казахскую литературу XX века, всесторонний научный систематический анализ его произведений;
- осмысление отзывов, откликов, различных материалов в литературоведении, посвященных творчеству акына;
- оценка, введение в научный оборот и определение идеино-тематических и изобразительно-выразительных особенностей произведений К.Азербаева;
- определение литературно-теоретической структуры айтисов, стихотворений, толгай по форме и содержанию;
- определение вклада Кенена в искусство и совершенствование айтиса, совершенствование поэзии акынов, научная характеристика его импровизаторского мастерства.

Теоретической и методологической основой исследования явились труды ведущих ученых, посвященные вопросам казахской поэзии, ее истории и теории, а также творчеству акынов, жырау и жырши.

Методы исследования. В работе использованы комплексно-систематический, историко-хронологические методы.

Теоретическая и практическая значимость. Выводы и заключения диссертационной работы могут быть использованы при написании истории казахской литературы, в процессе преподавания спецкурсов и спецсеминаров по истории казахской литературы в высших учебных заведениях.

Структура диссертации. Исследование состоит из введения, трех разделов, заключения и списка использованных источников.

Первый раздел посвящен певческому искусству Кенена. В этом разделе определяется, что поэт исполнял отрывки из эпосов «Манас», «Ер-Тостию». Также рассмотрены и проанализированы с идеально-тематической, жанровой позиции и другие эпосы из репертуара жыршы, волеедшие в один из 10 его сборников. Здесь же рассматривается реализация в творчестве акына фольклорных традиций и фольклорных жанров.

Во втором разделе рассматривается поэтическое мастерство Кенена, проблема традиций и преемственности. Раскрыты художественные особенности стихов поэта, изменения, внесенные им в размер стиха.

Третий раздел посвящен анализу системы персонажей в поэзии Кенена. В нем дается систематизация и классификация образов героев, созданных акыном, выявляются общие и индивидуальные черты их.

SUMMARY

**On the author's abstract of the dissertation submitted on competition of a scientific degree of Candidate Philology Sciences on a speciality
10.01.02 - the Kazakh literature**

Oten Aigul Zhaksylykkyzy

Kenen Azerbayev's Literary creativity

General characteristic of the dissertation work. The problem of traditions and innovations in sphere of oral national creativity are the most difficult object of the analysis, and this area is investigated less others. On a problem of innovation of creativity of the Kenen Azerbayev still there are no large researches, and having to its the attitude are not systematized and not generalized.

Urgency of a theme. To one of the most perspective for the further research began studying creativity of the most outstanding representatives of oral national creativity. The reference to literary works of classic of Kazakh literature Kenen Azerbayev was dictated in order to analyze his extensive heritage and contribution in history of Kazakh literature, as well to light up some actual problems of literary criticism on the basis of this analysis.

Developed condition of the problem Kenen Azerbayev's heritage constantly attracted and attracts researcher attention. Such well-known scientists as M.Auezov, S.Mykanov, E. Ismailov, A.Zhubanov have appealed to creative heritage of K.Azerbaev. The originality of his works interprets by the leading literary critics and critics: Sh.Eleukenov, M.Zholdasbekov, S.Negimov. Though the literary creation of K.Azerbaev wasn't the subject of special scientific investigation till now. Thus, the analysis of publication reported literary works of K. Azerbayev allows to conclude that it's time of problematic-integral learning of his works.

Scientific novelty of research.

1. Attempt of complete consideration of Kenen Azerbayev's creative biography, comprehended opinions, responses published on pages of periodicals for the first time is undertaken.
2. On the basis of historico-biographic of akyn's data from modern positions comprehended some questions of Kazakh literature history of XX century.
3. Kenen Azerbayev's works not issued earlier which has been found out in hand-written fund of the CNL MES of RK are entered into a scientific revolution. Art features of K.Azerbaev's verses are revealed, also entered into a scientific revolution and verses "Abay" and «To dear brother Zhurnabay» are subjected to the analysis.
4. Are subjected to the versatile scientific analysis K.Azerbaev's aitys and his contribution to perfection of aitys art in XX century is considered.

5. Influence of the spiritual-cultural environment on formation of art akyn taste is determined and the role of schools of Abay, Birzhan, Baluan Sholak and Zhamdyl on Kenen's creativity is considered.

Object of the given research were materials of hand-written fund of the Central scientific library of the Ministry of Education and a Science of Republic Kazakhstan, M.O. Auezov Institute of the literature and art, Kenen Azerbayev historic-literary memorial museum.

The purpose and research problems. The purpose of work is ordering of akyn, zhyrau Kenen Azerbayev's literary creativity, definition of a thematic originality and an estimation of his creativity in a context of history of the Kazakh literature. For achievement of the purpose the following tasks have been put:

- Consideration of the creative akyn biography in a context of a public sociopolitical situation and the literary environment;
- Gathering, addition and the all-round analysis of literary-historical, archival data about akyn;
- Definition of the akyn contribution in the Kazakh literature of XX century, the all-round scientific regular analysis of his products;
- Judgement of opinions, responses, various materials in the literary criticism, devoted to akyn creativity;
- An estimation, introduction in scientific revolution and definition of ideological-thematic and graphic - expressive features of K. Azerbayev's products;
- Definition of aitys, poems, tolgau literary-theoretical structure under the form and contents;
- Definition of Kenen contribution in art and perfection of aitys, perfection of akyns poetry, the literary characteristic of his improvisatory skill.

Theoretical and methodological basis of research were the works of conducting scientists devoted to questions of the Kazakh poetry, its history and theory, and also creativity of akyns, zhyrau and zhyrshy.

Methods of research. In work complex-regular, historico-chronological methods are used.

The theoretical and practical importance. Conclusions and offers of dissertational work can be used at a spelling of history of the Kazakh literature, during teaching special courses and special seminars on history of the Kazakh literature in higher school.

Structure of the dissertation. The Research consists of introduction, three sections, the conclusion and the list of the used sources.

The first section is devoted to Kenen singing art. In this section the poet executed fragments from eposes "Manas", "Er-Tostic" it is determined. Also 10 collections are considered and analysed from ideological-thematic, genre positions and other eposes from zhyrshy repertoire, including in one of it. Here realization in akyn creativity folklore traditions and folklore genres is considered.

In the second section Kenen poetic skill, problem of traditions and continuity is considered. Art features of verses of the poet, the changes brought by it at size of a verse are opened.

The third section is devoted to the analysis of system of characters in Kenen's poetry. In her ordering and classification of the characters meeting in akyn creativity is given, and also the general and individual features of heroes come to light.



Отен Айгүл Жаксылыккызы
Кенен Эзірбаевтың әдеби шығармашылығы

10.01.02 – Қазақ әдебиеті

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу ушін
дайындалған диссертацияның
авторефераты

Басуға 15.05.2009 жыл қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16- Оффсеттік қағаз.
Әріп түрі “Таймс”. RISO басылышы. Шартты баспа табагы 1,5.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 196.

“Әрекет-Print” баспаханасында басылды.
050036, Алматы қаласы, 12-ықшамаудан,
16-үй, 69-пәтер
Тел. 221-84-55